

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2019 жылғы «6» желтоқсандағы  
№ 1040 бұйрығына  
4-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және одан шығу туралы

20\_\_ж. есеп беру кезеңі

Индекс: № 4 – Г нысан

Мерзімділігі: ай сайын

Ұсынатын адамдар: облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың  
ПД Көші-қон қызметі басқармалары есеп беру айынан кейінгі айдың 1 күніне дейін

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитетіне ұсынады.

Әкімшілік деректердің нысаны [www.mvd.gov.kz](http://www.mvd.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.





Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және одан шығу туралы  
(индекс 4-Г, мерзімділігі – ай сайын)

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және одан шығу туралы» әкімшілік деректерді жинауға арналған бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысаны «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 8-2) тармақшасына, 6-бабы 1-тармағының 19) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Толтырылған нысанды аумақтық полиция департаменттерінің көші-қон қызметі басқармалары ай сайын есеп беру кезеңінің соңындағы жағдай бойынша Excel-шаблон арқылы «Көші-қон полициясы» Ақпараттық жүйесіне енгізеді. Нысандағы деректер өлшеу бірлігімен толтырылады.

### 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1. «1» бағанда елі (өңірі) көрсетіледі;
2. «2» бағанда елдің коды (ӘАОЖ) көрсетіледі;
3. «3» бағанда ІМ КҚҚК-ға ҚР азаматтығына қабылдау және одан шығу бойынша келіп түскен материалдардың саны көрсетіледі;
4. «4» бағанда ІМ КҚҚК-ға ҚР азаматтығына қабылдау және одан шығу бойынша адамдар санына келіп түскен материалдардың саны көрсетіледі;
5. «5» бағанда ІМ КҚҚК-ға ҚР азаматтығына қабылдау және одан шығу бойынша пысықтауға қайтарылған материалдардың саны көрсетіледі;
6. «6» бағанда ІМ КҚҚК-ға ҚР азаматтығына қабылдау және одан шығу бойынша адамдар санының пысықтауға қайтарылған материалдарының саны көрсетіледі;
7. «7» бағанда ҚР Президентінің Жарлықтары бойынша ҚР азаматтығына барлық қабылданғандардың саны көрсетіледі;
8. «8» бағанда ҚР Президентінің Жарлықтары бойынша ҚР азаматтығына барлық қабылданғандардың, оның ішінде балалардың саны көрсетіледі;
9. «9» бағанда ҚР Президентінің Жарлықтары бойынша ҚР азаматтығына жалпы тәртіпте қабылданғандардың саны көрсетіледі;
10. «10» бағанда ҚР Президентінің Жарлықтары бойынша ҚР азаматтығы қалпына келтірілгендердің саны көрсетіледі;
11. «11» бағанда ҚР Президентінің Жарлықтары бойынша ҚР азаматтығынамамандықтар тізбесі бойынша қабылданғандар саны көрсетіледі;
12. «12» бағанда ҚР Президентінің Жарлықтары бойынша ҚР азаматтығынажеңілдетілген (тіркеу) тәртіпте қабылданғандардың жалпы саны көрсетіледі;
13. «13» бағанда ҚР Президентінің Жарлықтары бойынша ҚР азаматтығынажеңілдетілген (тіркеу) тәртіпте қабылданғандардың, оның ішінде балалардың саны көрсетіледі;

14. «14» бағанда ҚР Президентінің Жарлықтары бойынша ҚР азаматтығына жеңілдетілген (тіркеу) тәртіпте қабылданған оралмандардың саны көрсетіледі;

15. «15» бағанда ҚР ЖОО-да оқитын этникалық қазақтардың ҚР азаматтығына жеңілдетілген (тіркеу) тәртіпте қабылданғандарының саны көрсетіледі;

16. «16» бағанда Келісім бойынша (РБ, РҚ, ҚР және РФ) жеңілдетілген (тіркеу) тәртіпте ҚР азаматтығына қабылданғандарының саны көрсетіледі;

17. «17» бағанда Тұрмыстағы әйелдің азаматтығы туралы конвенция бойынша ҚР азаматтығына жеңілдетілген (тіркеу) тәртіпте қабылданғандардың саны көрсетіледі;

18. «18» бағанда ҚР азаматтығына тиесілігі анықталғандардың барлық саны көрсетіледі;

19. «19» бағанда ҚР Президентінің Жарлықтары бойынша ҚР азаматтығынан шығудың барлық рұқсат етілген саны көрсетіледі.